



2022 жылғы 29 желтоқсан №511-380

2022 жылғы 28 желтоқсан №295/39 -XII

**Астана қаласының кейбір құрамдас
бөліктеріне атау беру туралы**

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 14-1-бабының 2-тармағына, «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № 138 қаулысына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Мыналарға:

Астана қаласының «Есіл» ауданы бойынша:

жобалық атауы № 38 көшеге – Әл-Фараби даңғылы;

жобалық атауы Е583 көшеге – Асқар Забикулин көшесі;

Әлихан Бөкейхан көшесі, № 2 және № 6 үйлердің арасында орналасқан атаусыз алаңға – Біріккен Ұлттар Ұйымы алаңы атауы берілсін.

2. Осы Астана қаласы әкімдігінің бірлескен қаулысы және Астана қаласы мәслихатының шешімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастикалық комиссияның қарауына енгізілсін.

Астана қаласының әкімі

Ж. Қасымбек

Астана қаласы
мәслихатының хатшысы

Е. Каналимов